Қосымша кептіру функциясы: ыдысты анағұрлым тиімді кептіру үшін соңғы шайқау кезеңінде жуу температурасы жоғарылайды, ал кебу уақыты ұлғаяды.

---



Кейінге қалған старт: бұл опция жуу циклы басталатын уақытты 12 сағатқа дейін кейінге қалдыруға мүмкіндік береді.



Балалардан бұғаттау: басқару элементтерінің абайсызда басылуына жол бермеу үшін басқару элементтерін бұғаттай аласыз. Сонымен қатар бағдарламаның өзгеруінің алдын алу үшін басқару элементтерін жуу циклын қосқаннан кейін бұғаттауға болады.

---

### Жағдайының индикаторы

---



Балалардан бұғаттау индикаторы, балалардан бұғаттауды қосқанда индикатор жанады.



Тұз индикаторы: егер индикатор жанса, «Тұз мөлшерлегіші бос!»



Шайқағыш барының индикаторы: индикатор жанса, «Шайқау мөлшерлегіші бос!»

Қалыпты жұмыс үшін ыдыс жуатын машинаға жұмсақ су талап етіледі. Кермек су жуу сапасына да, машинаның жағдайына да теріс әсер етуі мүмкін. Кермек суда жуылатын шыны ыдыс уақыт өте келе мөлдірлігін жоғалтады, ал мөлдір емес ыдыста дақтар мен ақ қонба пайда болады. Өте кермек су уақыт өте келе ыдыс жуатын машинаның бөлшектерін істен шығаруы мүмкін. Оған жол бермеу үшін ыдыс жуатын машинада суды жұмсартуға арналған құрылғы қарастырылған, ол дұрыс жұмыс істеу үшін арнайы тұз керек.

## Суды жұмсарту жүйесін реттеу

Қосылатын тұз көлемін судың кермектігіне байланысты Н1 - Н9 деңгейлерінде орнатуға болады.

1. Үйіңізде құбыр суының кермектігін қалай білуге болады? Сізді сумен жабдықтайтын ұйымға хабарласыңыз.
2. Реттеу мәндерін төмендегі су кермектігі кестесінен қараңыз.

## Жергілікті судың кермектігін анықтаңыз

Су кермектігі				Суды жұмсарту жүйесін реттеу
Неміс градустары (°dH)	Француз градустары (°fH)	ммоль / л	Кларк дәрежелері	Электрондық
31 – 50	55 – 89	5.5 – 8.9	39 – 63	Н9
22 – 30	39 – 54	3.9 – 5.4	27 – 38	Н8
17 – 21	30 – 38	3.0 – 3.8	21 – 26	Н7
13 – 16	23 – 29	2.3 – 2.9	16 – 20	Н6 <sup>1)</sup> *
11 – 12	19 – 22	1.9 – 2.2	14 – 15	Н5
9 – 10	16 – 18	3.0 – 3.8	11 – 13	Н4
7 – 8	12 – 15	1.2 – 1.5	9 – 10	Н3
0 – 6	0 – 11	0 – 1.1	0 – 8	Н2 <sup>2)</sup> *
–	–	–	–	Н1 <sup>3)</sup> *

\* Ескерту

- 1) Ұнтақты жуғыш құралға арналған үнсіз келісіммен зауыттық теңшелім.
- 2) Жуғыш құралдың аралас таблеткалары үшін ұсынылатын теңшелім.
- 3) Тұз беру өшірулі.

# Су жұмсарту жүйесі


## Арнайы тұз пайдалану



Дисплейде тұздың төмен деңгейінің индикаторы жана салысымен, оны қосу керек. Өрқашан арнайы тұзды пайдаланыңыз және оны тікелей машинаны қосар алдында қосыңыз. Сол кезде тұз ерітіндісінің артығы бірден шайылады және шаюға арналған ыдысты күйдірмейді.

Тұзды былай қосыңыз:

## ▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тек ыдыс жуатын машинаға арналған тұзды пайдаланыңыз. Тұздың басқа түрлері машинаға зиян келтіруі мүмкін! Тұз ерітіндісі коррозия тудырады, сондықтан тұзды мөлшерлегішке салған сайын жуу бағдарламасын іске қосыңыз.




1. Тұзға арналған ыдысты ашу үшін қақпақты сағат тілімен бұраңыз.
2. Тұз салатын ыдысқа 1 литр су құйыңыз (бірінші рет қана керек).
3. Ыдысты арнайы тұзбен толтырыңыз (су шетіне ағады).
4. Тесіктің айналасындағы аққан су мен тұзды сүртіп алыңыз.
5. Тұзға арналған ыдысты жабу үшін қақпағын сағат тіліне қарсы бұраңыз.
6. Шайғыштың индикаторын қайта қосу үшін әр толтырғаннан кейін «» және «» батырмасын 5 секунд басып тұрыңыз.

## Шайғышты пайдалану

Кептірудің ең жақсы нәтижелері үшін сұйық шайғыштарды жүйелі түрде пайдалануға кеңес береміз. Олар шыны мен фарфор ыдысты жылтыратады және айғыздарды кетіреді. Бұған қоса, олар металдың көмескіленуіне жол бермейді.

### Шайғышты мөлшерлегішке қалай құю керек

Шайғыш таусыла бастағанда дисплейде мөлшерлегішке шайғыш құю қажет екенін еске салатын индикатор жанады.




### Шайғыш беруді реттеу

Зауытта орнатылған стандартты мөлшерлеу деңгейі - d6, бірақ сізге оны судың жағдайына сәйкес теңшеу керек болуы мүмкін.

- Егер жуу соңында қатты көбік түзілсе, мөлшерін азайтыңыз.
- Егер сіз су кермек болатын өңірде тұрсаңыз немесе ыдыс-аяқта кепкеннен кейін айғыздар пайда болса, мөлшерін көбейтіңіз.
- Шайғышты беруді реттеу үшін 31-бетті қараңыз.
- Егер сіз шайғышы бар аралас таблеткаларды пайдалансаңыз, біз шайғыш беруді мүлдем тоқтатуға кеңес береміз (d1).

### Шайғышты мөлшерлегішке қалай құю керек

1. Қақпақты сырт етіп ашу үшін батырманы басыңыз



2. Шайғышты дөңгелек тесікке құйыңыз, оның деңгейі MAX белгісінен аспайтынын қадағалаңыз.

### МАҢЫЗДЫ!

Шайғышты ыдыс жуатын машинаға төгіп алмаңыз. Бүкіл төгілген сұйықтықты сүртіп алу керек, әйтпесе жуған кезде тым көп көбік пайда болады. Осы себеп бойынша сервис орталығына жүгінген кезде кепілдік қолданылмайды.

3. Қақпақты сыртыл естілгенше жабыңыз.

4. Шаю индикаторын іске қосу үшін әр толтырған сайын «L» және «P» батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

# **Ыдыс жуатын машинаға не салуға болады/болмайды**

## **МАҢЫЗДЫ!**

Ыдыс жуатын машинаға губкалар мен сүлгілер сияқты өте сіңіргіш материалдарды ешқашан салмаңыз. Ыдыс жуатын машинаға темекі күлімен, балауызбен, майлағышпен немесе бояумен ластанған ыдысты немесе асхана аспаптарын салмаңыз.

## **Асхана аспаптары және асханалық күміс**

Барлық асхана аспабы мен асханалық күміс аспаптарды пайдаланғаннан кейін бірден жуу керек, өйткені кейбір өніммен ұзақ жанасқан кезде олар күңгірттенуі мүмкін. Күміс бұйымдар тот баспайтын болаттан жасалған бұйымдармен, мысалы, басқа асхана аспаптарымен жанаспауы керек. Бұл дақ пайда болуын тудыруы мүмкін. Күміс асхана аспаптарын ыдыс жуатын машинадан шығарып, бағдарлама аяқталғаннан кейін бірден қолмен кептіру керек.

## **Алюминий**

Алюминий ыдыс жуатын машинаға арналған жуғыш затты пайдаланған кезде күңгірттенеді. Күңгірттену дәрежесі бұйымның сапасына байланысты.

## **Басқа металдар**

Темір мен шойыннан жасалған заттарды тот басуы және ол басқа заттарды былғауы мүмкін. Мыстан, қалайыдан және жезден жасалған бұйымдардың дақтану қасиеті бар. Мұндай ыдысты қолмен жуыңыз.

## **Ағаш ыдыс**

Ағаш ыдыс әдетте жылу мен суға сезімтал. Ыдыс жуатын машинада жүйелі жуу уақыт өте келе мұндай бұйымның бүлінуіне әкелуі мүмкін. Егер күмәндансаңыз, оларды қолмен жуған жөн.

## **Шыны ыдыс**

Күнделікті шыны ыдыс-аяқтың көбін ыдыс жуатын машинада жууға болады. Хрусталь, өте жұқа және ескі шыны ыдыс-аяқ күңгірттенуі мүмкін, яғни мөлдірлігі жоғалады. Мұндай бұйымдарды қолмен жуған дұрыс.

## **Пластик**

Пластиктің кейбір түрі ыстық судың әсерінен пішінін немесе түсін өзгертуі мүмкін. Пластмасса ыдысты өндірушінің нұсқаулықтарын басшылыққа алыңыз. Ыдыс жуатын машинаға пластмасса ыдыс салғанда, ол аударылып, суға толып, жуған кезде себеттен түсіп қалмау үшін ыдысты ауырлатқан жөн.

## **Сәндік заттар**

Заманауи фарфор бұйымдардың көбін ыдыс жуатын машинада жууға болады. Антикварлық ыдыс, шыңылтырға сурет салынған ыдыс, алтын жиектері бар ыдыс немесе қолмен әшекейлеп сырланған фарфор машинада жууға сезімтал болуы мүмкін. Егер күмәндансаңыз, оларды қолмен жуған жөн.

## **Желімделген бұйымдар**

Кейбір желімдер машинада жуған кезде жұмсарады немесе еріп кетеді. Егер күмәндансаңыз, оларды қолмен жуған жөн.




Егер табақ не тәрелке жабысқақ немесе тамақ қалдығымен ластанған болса, оларды жуар алдында суға салып қоюға немесе жуар алдында сулауға кеңес беріледі, әйтпесе, оларды кетіру қиынға түседі. Ыдысты ыдыс жуатын машина көмегімен жуар алдында ірі тамақ қалдықтарын алып тастаңыз. Тәрелкені ағын сумен алдын ала жуудың қажеті жоқ.

### Жоғарғы себет

Жоғарғы себет стақан, сорпа құйғыш, бала ыдысы, тәрелке және аласа табалар сияқты заттарға арналған.

Жоғарғы жағын анағұрлым ірі заттар қою үшін реттеуге болады.

Тізу биіктігін төменгі себетте биік заттарға жеткілікті орын қалатындай етіп реттеуге болады.



### Маңызды!


Өткір заттарды асүй аспаптарына арналған сүйеуішке салыңыз. Сонда олар бүлінбейді.

Жоғарғы себеттің биіктігі реттеледі.


- Тізу биіктігін төменгі себетте биік заттарға жеткілікті орын қалатындай етіп реттеңіз.
- Егер себетті тұтас шығарсаңыз, оны қайта орнына қоймай тұрып, екі жағындағы бағыт бергіштер түзу және бірдей биіктікте тұрғанына көз жеткізіңіз.

## Ыдыс салу

Ыдыстарды салып қойсаңыз да, тізу биіктігін реттей аласыз, ол үшін ыдысты ыдыс жуатын машинадан шығарудың қажеті жоқ. Себетті көтеру үшін оны шетке ысырып, аяққа тұрғанша ақырын тартыңыз. Екінші жағына да дәл солай істеңіз.



Себетті түсіріп, иіктікті жібермей жоғары көтеріңіз, себетті абайлап түсіріңіз. Екінші жағына да дәл солай істеңіз.




### Төменгі себет


- Астыңғы себетті кәстрөл, қаңылтыр таба, қақпақ, сервистік табақтар мен тегештер сияқты ең ірі ыдыс үшін пайдаланыңыз.
- Ыдыс-аяқ үстінде орналасқан бүріккіштің айналуына кедергі келтірмеуін қадағалаңыз.
- Көлемі үлкен тәрелкелер барынша орнықты тұру үшін оларды анағұрлым ұзын тішелер арасына қойыңыз.
- Егер сізге биік ыдыс үшін көбірек орын керек болса, жоғарғы себетті көтере аласыз.

### Тәрелкеге арналған жиналмалы ұстағыштар

- Егер сізге құмыра немесе басқа көлемді заттар қою үшін орын керек болса, тішелерді бүктеп қоюға болады.
- Артындағы кішкентай қысқыштарды басып, ұстағыш секцияларын бір-біріне бағыттап бүктеңіз.




Жиналмалы ұстағыштар



Артындағы кішкентай қысқыштарды басып, ұстағыш секцияларын бір-біріне бағыттап бүктеңіз

## Үшінші сөре



- ▶ Асүй аспаптарын салу және алу оңай болу үшін үшінші сөре тартылады.

### **▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Кесіп алмау үшін өткір және ұшталған заттарды жүзін төмен қаратып салыңыз.

# Жуғыш құрал қосу

## МАҢЫЗДЫ!

- Тек автоматты ыдыс жуатын машиналар үшін ұсынылған жуғыш құралдарды пайдаланыңыз.
- Ыдыс жуатын машинаға арналған кейбір құрал күшті сілті болады. Олар жұтқанда аса қауіпті болуы мүмкін. Олардың теріге және көзге тиюіне жол бермеңіз және балалар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды есігі ашық ыдыс жуатын машинаға жолатпаңыз. Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін әрж олы жуғыш зат мөлшерлегішін тексеріңіз - ол бос болуы керек.
- Жуғыш құралды ыдыс жуатын машинадағы ыдысқа тікелей шашыратпаңыз және құймаңыз. Таблеткалар мен сұйық жуғыш заттар ыдыспен немесе асхана аспаптарымен тікелей жанаспауы керек.
- Қол жууға арналған сұйықтықтарды, сабынды, кір жуатын немесе зарарсыздандырғыш құралдарды пайдаланбаңыз, өйткені олар ыдыс жуатын машинаға зиян келтіруі мүмкін.

## Жуғыш заттар мөлшерлегішін толтыру

1. Мөлшерлегіштің сол жағындағы батырманы басыңыз.

### МАҢЫЗДЫ!

Қақпақ сіздің қолыңызға сарт етіп ашылып кетпеу үшін мөлшерлегішке оң жағынан жақындаңыз.



2. Жуғыш құралды тиісті қуыстарға құйыңыз. Негізгі қуыстағы «15» және «25» белгілері ұнтақ түріндегі жуғыш құралдың грамына сәйкес келеді.

### МАҢЫЗДЫ!

Таблеткаларды тек негізгі бөлікке салады (ең үлкен).

3. Жуғыш заттың артылғанын мөлшерлегіштің шеттерінен алып тастаңыз (сүртіп тастаңыз).

4. Қақпақты сыртыл естілгенше жабыңыз. Жуу бағдарламасы кезінде жуғыш зат автоматты түрде ыдыс жуатын машинаға жіберіледі.



## Пайдаланушы параметрлерін қалай өзгертуге болады

Пайдаланушы баптауларының мәзіріне кіру үшін бағдарлама таңдайтын «P» басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз. Бұл мәзірде суды жұмсартуға, зуммерге және шайғышқа арналған баптауларды таңдауға болады.

1. Машина қосылды.
2. Пайдаланушы баптауларының мәзіріне кіру үшін бағдарлама таңдайтын «P» батырмасын басыңыз. Дисплейге су жұмсартқыштың қолданыстағы баптауы шығады, үнсіз келісім бойынша - H6. «□» батырмасын басқанда баптау H1-ден H9-ға дейін өзгереді. Таңдалған мәнді сақтап, «P» зуммерді баптауға өту үшін бағдарлама таңдау батырмасын басыңыз. Немесе таңдалған мәнді сақтап, бағдарлама таңдау режиміне өту үшін қуат батырмасын «⏻» басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз.
3. Зуммер баптауының мәзірінде дисплейге қолданыстағы зуммер баптауы шығады, үнсіз келісім бойынша - b0. B0 (зуммер қосулы) және b1- (зуммер өшірулі) арасында ауысу үшін «□» опцияларын басыңыз. Таңдалған мәнді сақтап, «P» шайғышты баптауға өту үшін бағдарлама таңдау батырмасын басыңыз. Немесе таңдалған мәнді сақтап, бағдарлама таңдау режиміне өту үшін қуат батырмасын басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз.
4. Шайғыш баптауының мәзірінде дисплейге қолданыстағы зуммер баптауы шығады, үнсіз келісім бойынша - d6. «□» батырмасын басқанда баптау d1-ден d9-ға дейін өзгереді. Таңдалған мәнді сақтап, «P» су жұмсартқышты баптауға өту үшін бағдарлама таңдау батырмасын басыңыз. Немесе таңдалған мәнді сақтап, бағдарлама таңдау режиміне өту үшін қуат батырмасын «⏻» басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз.

## Күнделікті пайдалану

### Бағдарламаны іске қосу

1. Есігін ашсаңыз, ыдыс жуатын машина өзі сенеді.

\* Дисплейге жуу уақыты шығады

2. Ыдыс жуатын машинаның басқару панелінде қажетті бағдарламаны таңдау үшін «P» батырмасын басыңыз.

3. Есігін жауып, бағдарламаны іске қосыңыз.

#### **⚠ ЕСКЕРТУ**

Ыдыс жуатын машина соңғы қолданған бағдарламаны жадында сақияйды. Келесі қосылған кезде ол әдепкі қалпы бойынша соңғы пайдаланылған бағдарламаны таңдайды.

### Жуу бағдарламасын тоқтата тұру және жалғастыру

1. Бағдарламаны кідірту үшін есігін аздап ашса жеткілікті. Дисплейде қалған уақыт жыпылықтайды, және үнемі дыбыс сигналы шығып тұратын болады.

#### **⚠ ЕСКЕРТУ**

Сізге ыстық су шашырамау үшін, шашыратқыштар айналуын тоқтатқанша есікті толығымен ашпаңыз.

2. Қажет болса, ыдысты шығарыңыз немесе орнын ауыстырыңыз.

3. Бағдарламаның орындалуын қайта бастау үшін есікті жапса жеткілікті.

### Жуу бағдарламасын болдырмау немесе өзгерту

Бағдарламаны тоқтату үшін есігін ақырын ашыңыз. Ыдыс жуатын машинаны сөндіру үшін «⏻» басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Содан кейін ыдыс жуатын машинаны қайта қосып, қалаған бағдарламаңызды бекіте аласыз.

#### **⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Егер бағдарлама ыдыс жуу процесінде үзілсе, жуғыш заттың қалдықтары ыдыста қалады. Бұл денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін! Осы ыдысты пайдаланар алдында жуғыш құралдың қалдықтарын міндетті түрде толығымен шайып жіберіңіз.

### Бағдарламаны кідірте отырып қосу

Бағдарлама қосылатын уақытты шегеру үшін машина қосылатын уақытты былай белгілеңіз:

1. Бағдарламаны қосыңыз.

2. Дисплейге кейінге қалған старт уақыты (1-сағаттан 12 сағатқа дейін) жана бастағанша «⏻» батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.

3. Есігін жауып, бағдарламаны іске қосыңыз.

▶ Дисплейде іске қосу кері санала бастайды. Кері санау қадам-қадаммен 1 сағат ішінде азаяды.

▶ Кері санау аяқталғанда, бағдарлама іске қосылады.

### Қосуды кідіртуден бас тарту

Дисплейден бағдарламаны кідіртудің қазіргі уақыты көрінеді, одан бас тарту үшін «⏻» батырмасын тағы басыңыз.

Бағдарламаны іске қосуды кідірту уақыты көрініп тұрғанда, бағдарлама таңдау режиміне оралу үшін қуат батырмасын «⏻» немесе « P » бағдарлама таңдау батырмасын басыңыз

### Бағдарламаның аяқталуы

Бағдарлама аяқталған соң дисплейге [ ]: [ ] шығып, дыбыстық сигнал беріледі (өшірулі болмаса). Дисплей өшеді.

Машинаны сөндіру үшін «⏻» басыңыз, әйтпесе, ол 30 секундтан кейін күту режиміне ауысады.

### ▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер бағдарлама аяқталғаннан кейін есікті бірден ашып қалсаңыз, одан ыстық бу шығуы мүмкін. Күйіп қалу қаупі! Есікті абайлап ашыңыз!

3. Есігін ашып, ыдысты шығарыңыз:

- ▶ Есікті сәл ашыңыз (шамамен 100 мм) және оны ыдыс тезірек кебетіндей етіп қалдырыңыз.
- ▶ Ыдысты машинадан шығармас бұрын, оны суытыңыз. Ыстық ыдыс оңай бүлінеді.
- ▶ Алдымен ыдыстарды төменгі себеттен, содан кейін жоғарғы себеттен шығарып алыңыз.

### Ішкі жарық

Ыдыс жуатын машинаңыз ішкі жарықпен жабдықталған. Ол машина қуат көзіне қосылып тұрғанда есігін ашқанда қосылады.

### Едендегі жарық индикаторы (бағдарлама орындалған кезде жұмыс істейді)

Бағдарлама орындалып жатқанда машина есігінің астындағы еденге жарық таңба түседі.


#### Индикатордың жарық коды:

Жуу: көк

Шаю: жасыл

Кептіру: қызыл

HDWE10-394RU моделінде ішкі жарық пен еденге түсетін жарық индикаторы жоқ.



# Күтім жасау және тазалау

---

Уақыт өте келе ыдыс жуатын машинаның ішінде жағымсыз иісі болатын тамақ қалдықтары немесе жуу сапасын төмендетуі мүмкін әқ қонбасы жиналуы мүмкін. Ыдыс жуатын машинаны үнемі тексеріп, тазалаған жөн.

## МАҢЫЗДЫ!

- Тазалау немесе қызмет көрсету алдында ыдыс жуатын машинаны электр желісінен үнемі ажыратып жүріңіз, су беруді жабыңыз және машинаның барлық бөлшегі суығанын күтіңіз.
- Келесі тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз, өйткені олар бетті зақымдауы мүмкін:
  - пластиктен немесе тот баспайтын болаттан жасалған абразивті губкалар
  - абразивті немесе сольвентті тұрмыстық тазартқыш құралдар
  - қышқылды немесе сілтілі жуғыш заттар
  - кір жууға арналған құралдар және зарарсыздандырғыш құралдар
  - тот баспайтын болатқа арналған тазартқыш құралдар немесе полирольдер
  - қол жууға арналған сұйықтықтар немесе сабын
- Егер ыдыс жуатын машинада фарфор немесе шыны ыдыс сынып қалса, өзіңізді жарақаттамау және машинаны бүлдірмеу үшін сынықтарды ақырын алып тастау қажет.
- Тазалаудан кейін әрдайым шашыратқыштар мен сүзгілердің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

## Ыдыс жуатын машинаның ішкі бетін тазалау

- Ыдыс жуатын машинаның сыртқы беттерін таза, жұмсақ ылғал матамен сүртіңіз және таза түксіз матамен құрғатыңыз.
  - Су тигізуге болмайтын бөліктерін контур бойынша сүртіңіз. Мысалы, басқару батырмаларын сүрту үшін матамен оларды айналдыра ақырын жүргізіңіз.
  - Абай болыңыз, басқару панелінің шамадан тыс сулануына жол бермеңіз.
- Ескерту: басқару панелін тазаламас бұрын, батырмаларды өшіру (бұғаттау) ұсынылады.

## Ыдыс жуатын машина есігінің тығыздамасын және ішкі бөлігін тазалау

Жылы суға малынған түксіз жұмсақ матамен мұқият сүртіңіз. Егер ішкі беті қатты кірлеген болса, ыдыс жуатын машинаны жууға/су қағын кетіруге арналған құралды өндіруші нұсқаулығын сақтай отырып пайдаланыңыз.

## Сүзгілерін тазалау

Ағызу сүзгілері тамақтың ірі қалдықтарын ұстап қалады және олардың сорғыға түсуіне жол бермейді. Бұл қалдықтар сүзгілерді бітеуі мүмкін. Сорғыларда қоқысты көріп қалсаңыз, әрқашан оларды тазалауды ұсынамыз.




# Күтім жасау және тазалау

- Ағызу сүзгісін алу үшін, оны сағат тіліне қарсы бұрап, шығарыңыз.
- Осыдан кейін сіз сүзу пластинасын шығара аласыз.
- Барлығын су ағынының астында жуып алыңыз және орнына орнатыңыз.

Сүзгіні кері дұрыс қойғаныңызға көз жеткізіңіз: сүзетін пластина ыдыс жуатын машинаның түбімен беттестіре орналасуы керек.

## МАҢЫЗДЫ!

Сүзетін пластинаның төменгі жағын тазалау кезінде абай болыңыз және оның өткір сыртқы шетіне қолыңызды кесіп алмаңыз.



## Шашыратқыштарды тазалау

Шашыратқыштардағы және олардың бекітпелеріндегі тесіктерге су қағы және судағы тамақ қалдықтары тұрып қалуы мүмкін. Осы бөлшектерді айына шамамен бір рет немесе қажеттілігіне қарай жиірек тазалау керек.

## Жоғарғы шашыратқышты/бастиекті тазалау

Жоғарғы шашыратқышты тазалау үшін алудың қажеті жоқ. Оны пластик қылы бар шағын қылшақ көмегімен тазалаңыз, егер қатты кірлеген не бітелген болса, ыдыс жуатын машинаны тазалауға/су қағын кетіруге арналған құралды өндіруші нұсқаулығын сақтай отырып пайдаланыңыз.


# Күтім жасау және тазалау

## Ортаңғы бүріккішті тазалау

- Ортаңғы шашыратқышты алып тастау үшін оның бөгегіш сомынын абайлап бұрап алыңыз.
- Шашыратқышты су ағынының астында жуып алыңыз, содан кейін орнына орнатыңыз.


### МАҢЫЗДЫ!

Ортаңғы шашыратқышты су беру түтігіне бекітетін тоқтатқыш сомынды нық бұрағаныңызға көз жеткізіңіз. Ортаңғы шашыратқыштың сенімді бекітілгеніне және еркін айналатынына көз жеткізіңіз.



## Төменгі шашыратқышты тазарту

- Төменгі шашыратқышты алу үшін оны бекітпеден шешіп алыңыз.
- Шашыратқышты су ағынының астында жуып алыңыз, содан кейін орнына орнатыңыз.







Туындаған мәселелердің көбін өз бетіңізше шеше аласыз, ол үшін арнайы білем қажет емес. Мәселе туындаған жағдайда, сервис қызметіне жүгінбес бұрын барлық ықтимал нұсқаны тексеріңіз және төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз.

### ▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Техникалық қызмет көрсетер алдында машинаны өшіріп, ашасын рөзеткеден алыңыз.
- Электр жабдығына техникалық қызмет көрсетуді тек кәсіби электрші мамандар жүргізуі керек, өйткені дұрыс жасалмаған жөндеу ауыр зақымға себеп болуы мүмкін.

**Машина іске қосылмайды, не жұмыс істеп тұрған кезде тоқтамайды, не индикатор жанып тұр**

Мәселе	Ықтимал себептер	Ықтимал шешімі
Бағдарлама іске қосылмайды.	Машинаның есігі ашық.	Машинаның есігін жабыңыз.
	Кейінгі қалған іске қосылу орнатылған.	Дисплейдегі уақытты қараңыз.
	Желілік айыр розеткаға қосылмаған.	Ашаны рөзеткеге қосыңыз.
	Үй тізбегіндегі сақтандырғыш бүлінген.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз.
Шайғыштың индикаторы жанып тұр.	Шайғыштың мөлшерлегіші бос.	Шайғышты мөлшерлегішке максимумға дейін құйыңыз.
	Шайғышты қосу расталмаған.	Шайғыштың индикаторын қайта қосу үшін әр толтырғаннан кейін «  » және «  » батырмасын 5 секунд басып тұрыңыз.
Тұз индикаторы жанып тұр.	Тұз мөлшерлегіші бос.	Ыдысты арнайы тұзбен максимумға дейін толтырыңыз.
	Тұзды қосу расталмаған.	Тұз индикаторын қайта қосу үшін әр толтырғаннан кейін «  » және «  » батырмасын 5 секунд басып тұрыңыз.

# Ақау табу және жою

## Дисплейдегі ақау кодтары

Мәселе	Ықтимал себептер	Ықтимал шешімі
E10 Су жоқ	Су құбыры шүмегі жабық.	Су құбыры шүмегін ашыңыз. Ескертпе: қате себепін жойған соң машинаны қосып, бағдарламаны қайта іске қосыңыз.
	Су беру құбыршегі бүктеліп қалды немесе бұралып қалды.	Құбыршекті жазыңыз.
	Егер ағып кетуден қорғайтын «Аква-Стоп» жүйесі бар болса: қорғаныс қосылып кетті, индикатор (С) қызыл болып жанады.	Құбыршекті ауыстыру қажет.
	Ағызу құбыршегіндегі сүзгі бітелген.	Сүзгіні ағызу құбыршегінің шүмекке және машинаның артқы бөлігіне қосылған жерін тазалаңыз.
	Су беруге арналған жіберу келтеқұбыры бітелген.	Шүмектен су ағып тұрғанын тексеріңіз.
	Су қысымы тым төмен.	Сумен жабдықтаушы ұйымға хабарласыңыз.
E30 Су ағу	Су кетуден қорғау құрылғысы қосылған: <ul style="list-style-type: none"><li>• Машинада су ағатын жер бар.</li><li>• Су жіберу клапаны ашық күйінде сыналанды.</li><li>• Ағызу тесігі бітелген.</li></ul>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Су құбырының шүмегін жабыңыз.</li><li>2. Машинаны электр желісінен ажыратыңыз.</li><li>3. Қолдау қызметіне жүгініңіз..</li></ol>

Барлық қалған авариялық кодтар:

1. Кодты есіңізге сақтаңыз немесе жазып алыңыз.
2. Қолдау қызметіне хабарласыңыз, қар. «КЛИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ».

## Плохое качество мойки

Мәселе	Ықтимал себептер	Ықтимал шешімі
Ыдыс таза емес.	Сүзгілер бітеліп қалды.	Сүзгілерді тазалаңыз.
	Сүзгілер дұрыс жиналып, орнатылмаған.	Сүзгілердің дұрыс жиналғанына және орнатылғанына көз жеткізіңіз.
	Шашыратқыштар бітеліп қалды.	Олардан тамақ қалдықтарын жіңішке ұшталған затпен жойыңыз.
	Жүктеу типі мен тамақ қалдықтарына сәйкес келмейтін бағдарлама таңдалған.	Бағдарлама осы жүктеу типі мен тамақ қалдықтарына қолдануға келетініне көз жеткізіңіз.
	Себеттердегі заттардың дұрыс орналаспауы. Су бәрін жуа алмады.	Су барлық заттарды жуып шығуы үшін ыдысты себеттерде дұрыс орналастырыңыз.
	Шашыратқыштар еркін айнала алмай жатыр.	Себеттердегі ыдыстың шашыратқыштардың айналуына кедергі жасамайтындай орналасқанына көз жеткізіңіз.
	Мөлшерлегіште жуғыш зат жоқ немесе аз.	Бағдарламаны іске қосар алдында мөлшерлегіштегі жуғыш заттың мөлшерін тексеріңіз.
	Жуу циклын ұзақ үзіліс үзіп жіберді.	Жуу кезінде есікті ашпаңыз және электр қуатынан ажыратпаңыз.
Стақандар мен ыдыстағы ақшыл айғыздар, дақтар немесе көкшіл қабаттар.	Тым көп шайғыш беріледі.	Шайғыш беруді азайтыңыз.
	Жұғыш құрал тым көп	Бағдарламаны іске қосар алдында мөлшерлегіштегі жуғыш заттың мөлшерін тексеріңіз.
	Қысқа бағдарламада пайдаланылған «3-еуі 1-еуінде» таблеткалары толығымен еріп үлгермеуі мүмкін.	«3-еуі 1-еуінде» таблеткаларына пайдаланғанда анағұрлым ұзақ бағдарлама таңдаңыз.

## Ақау табу және жою

Мәселе	Ықтимал себептер	Ықтимал шешімі
Ыдыста кеуіп кеткен су тамшыларынан дақтар қалды.	Тым аз шайғыш беріледі.	Шайғыштың мөлшерін ұлғайтыңыз.
	Шайғыштың немесе «3-еуі 1-еуінде» таблеткаларының сапасы шәйнектегі дақтар	Жұғыш құрал тым ескі, оны ауыстырыңыз.
Ыдыс су.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Бағдарламада кептіру кезеңі жоқ.</li><li>• Бағдарламада кептіру кезеңі төмен температурада болды.</li></ul>	Есікті сәл ашыңыз (шамамен 100 мм) және оны ыдыс тезірек кебетіндей етіп қалдырыңыз.
Ылғал, күңгірт ыдыс.	Шайғыштың мөлшерлегіші бос.	Шайғышты мөлшерлегішке құйыңыз және шайғыш индикаторын қалпына келтіріңіз.
	Шайғыштың немесе «3-еуі 1-де» таблеткаларының нашар сапасы.	Жұғыш құрал тым ескі, оны ауыстырыңыз.

# Техникалық сипаттамалары

## Бұйымның техникалық сипаттамасы

Жеткізушінің атауы немесе сауда белгісі	Haier
Жеткізуші моделінің сәйкестендіргіші	HDWE10-394RU
Стандартты жағдайдағы номиналды қуаты	10
Энергия тиімділігінің класы <sup>1)</sup>	A
Жылдық энергия тұтынуы (AEC), кВтсағ/жыл <sup>2)</sup>	268
Стандарт жуу циклының энергия тұтынуы (Et), кВт-сағ	0.92
Өшірілген күйдегі тұтынылатын қуат (Po), Вт	1.0
Күту режиміндегі тұтынылатын қуат (Pi), Вт	3.5
Жылдық су тұтынуы (AWC), литр/жыл <sup>3)</sup>	2800
Кептіру тиімділігінің класы <sup>4)</sup>	A
Стандартты бағдарлама (стандартты кептіру циклы) <sup>5)</sup>	ECO
Стандартты жуу циклы бағдарламасының минутпен ұзақтығы	238
Күту режимінің (Ti) минутпен ұзақтығы	1
1 пВт-ға қатысты шу шығуы дБ-мен (A)	49
Монтаждау /монтаждау нұсқалары	Кіріккен
Су құбырындағы қысым	0,04-1 МПа (= 0,4-10 бар)
Қуат көзінің кернеуі	220-240 В (50 Гц)
Максималды ток күші, А	10
Тұтынатын номиналды қуаты, Вт	1720-2050
Түсі	Күміс түстес

- 1) A+++-дан (ең жоғары тиімділік) G-ге (ең төмен тиімділік) дейін.
- 2) Суық сумен толтырумен стандартты жуу циклында (жылына 280) және төменгі режимдердегі энергия тұтыну. Энергияны нақты тұтыну жуатын машинаның қалай қолданылатынына байланысты.
- 3) 280 стандартты жуу циклына есептелген литрдегі жылдық су шығыны. Энергияны нақты тұтыну машина қалай қолданылатынына байланысты.
- 4) A-дан (ең жоғары тиімділік) G-ге (ең төмен тиімділік) дейін.
- 5) Бұл бағдарлама қалыпты ластанған ыдысты жууға жарамды. Ол осы ыдыс типі үшін энергия мен суды тұтыну тұрғысынан ең тиімді бағдарлама болып табылады.

# Техникалық сипаттамалары

## Бұйымның техникалық сипаттамасы

Жеткізушінің атауы немесе сауда белгісі	Haier
Жеткізуші моделінің сәйкестендіргіші	HDWE10-395RU
Стандартты жағдайдағы номиналды қуаты	10
Энергия тиімділігінің класы <sup>1)</sup>	A
Жылдық энергия тұтынуы (AEC), кВтсағ/жыл <sup>2)</sup>	268
Стандарт жуу циклының энергия тұтынуы (Et), кВт-сағ	0.92
Өшірілген күйдегі тұтынылатын қуат (Po), Вт	1.0
Күту режиміндегі тұтынылатын қуат (Pi), Вт	3.5
Жылдық су тұтынуы (AWc), литр/жыл <sup>3)</sup>	2800
Кептіру тиімділігінің класы <sup>4)</sup>	A
Стандартты бағдарлама (стандартты кептіру циклы) <sup>5)</sup>	ECO
Стандартты жуу циклы бағдарламасының минутпен ұзақтығы	238
Күту режимінің (Ti) минутпен ұзақтығы	1
1 пВт-ға қатысты шу шығуы дБ-мен (A)	49
Монтаждау / монтаждау нұсқалары	Кіріккен
Су құбырындағы қысым	0,04-1 МПа (= 0,4-10 бар)
Қуат көзінің кернеуі	220-240 В (50 Гц)
Максималды ток күші, А	10
Тұтынатын номиналды қуаты, Вт	1720-2050
Түсі	Күміс түстес

1) A+++ -дан (ең жоғары тиімділік) G-ге (ең төмен тиімділік) дейін.

2) Суық сумен толтырумен стандартты жуу циклында (жылына 280) және төменгі режимдердегі энергия тұтынуы. Энергияны нақты тұтыну жуатын машинаның қалай қолданылатынына байланысты.

3) 280 стандартты жуу циклына есептелген литрдегі жылдық су шығыны. Энергияны нақты тұтыну машина қалай қолданылатынына байланысты.

4) A -дан (ең жоғары тиімділік) G-ге (ең төмен тиімділік) дейін.

5) Бұл бағдарлама қалыпты ластанған ыдысты жууға жарамды. Ол осы ыдыс типі үшін энергия мен суды тұтыну тұрғысынан ең тиімді бағдарлама болып табылады.



## Клиенттерді қолдау қызметі

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ бірегей қосалқы бөлшектер пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызбен қиындықтар туындаса, алдымен «Ақау іздеу және жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, мыналарға хабарласыңыз:

— ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-29 (РҚ),

— [www.haieronline.kz](http://www.haieronline.kz) сайтына, мұнда сіз қызмет көрсетуге өтінім қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығына хабарласып, паспорт тақтасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сатылған күні \_\_\_\_\_



Сонымен қатар кепілдіктің және сату туралы құжаттардың барын тексеріңіз.

Маңызды! Құрылғыда сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін құрылғыны сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік қызметін көрсетуді мүмкін емес етеді.

Құрылғыдан зауыттық сәйкестендіру тақталарын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз өнімнің дизайны мен конфигурациясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкес келеді.

01.07.2021 жылғы № EAЭС RU C-CN.AЯ46.B.20511/21 сәйкестік сертификаты  
30.06.2026 ж-ға дейін күшінде болады;

23.08.2023 жылғы № EAЭС N RU Д-CN.РА06.B.77640/23 сәйкес декларация  
22.08.2028 ж-ға дейін күшінде болады.

\* Анағұрлым толық мәліметтер берілген және Еуразиялық экономиялық одаққа сәйкестік туралы декларацияда тіркелген сәйкестік сертификаттарының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

# Кепілдік шарттары

## Күрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай. Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гирокүскерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кеңендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, сондай-ақ сервистік қызмет көрсетуден де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

## Кепілдікті және сервистік қызмет көрсетудің шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді және тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 36 ай ішінде қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Ұқымал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сақтан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету — Өндірушінің кінәсінен туындаған бұйымның ақауларын жою тұтынушы үшін тегін. Бұл қызмет бұйым иесі тауар және кассалық чектерін, бұйымды сатып алу дерегін растаушы басқа құжаттарды көрсеткен кезде ғана көрсетіледі.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

**8 (800) 070-01-29** — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе [support-kz@haieronline.kz](mailto:support-kz@haieronline.kz) электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

## Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмеуі;
- сүкұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттаңдан пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкілі етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазалатын оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған/толық толтырылмаған бөгім қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

## Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқаулама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

## Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті және қосымша қызмет көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш/ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге/ағызға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қыпшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған төрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөміріндік болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

\* Қосымша сервистік қызмет көрсету электрлік су жылытқыштарға, қысқа толқынды пештерге, HRB-331 модельді тоңазытқыштарға, мұздатқыштарға, газ плиталарына, шаңсорғыштарға, робот-шаңсорғыштарға, теледидарларға, теледидарлық приставкаларға, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге, ұялы телефондарға, гирокүскерлерге таралмайды.



# Haier

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»  
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech  
Zone, Laoshan District Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»  
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-  
тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация / импортер:  
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом  
8, этаж 16, офис 1601  
Тел. 8-800-250-43-05, адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым / импорттаушы:  
«Хайер Мидл Эйжа», ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу  
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.  
Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы:  
support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:  
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 05000, Алматы қаласы, Медеу  
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.  
Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы:  
support-kz@haieronline.kz

Сделано в Китае  
Қытайда жасалған

条形码尺寸45\*9, 由厂家生成。

0120506682

Дата изготовления  
и гарантийный срок  
указаны на этикетке  
устройства

Шығарылған күні және  
кепілдік мерзімі  
құрылғының  
заттаңбасында көрсетілген

